

Қазалы ауданы бойынша 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 06 тамыздағы № 205 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 тамызда № 5114 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

Қазалы ауданы бойынша 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау Қазалы ауданы әкімінің орынбасары
Б . Ж а р ы л қ а п қ а жү к т е л с і н .

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің
міндетін атқарушы

Б.Жарылқап

Қазалы ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "06" тамыздағы
№ 205 қаулысына 1-қосымша

2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Аудан атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны
1	Қазалы ауданы	1750

Қазалы ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "06" тамыздағы
№ 205 қаулысына 2-қосымша

2015 жылға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері

№	Аудан атауы	Бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығын (теңге)	
		Балабақшалар үшін	Шағын орталықтар үшін

1	Қазалы ауданы	19786 теңгеден кем емес	11230 теңгеден кем емес
---	---------------	-------------------------	-------------------------

Қазалы ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "06" тамыздағы
№ 205 қаулысына 3-қосымша

2015 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының бір айдағы мөлшері	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының бір айдағы мөлшері
1	Алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес	Он еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК